

**СТУДЕНТТЕРГЕ МӘТІНДІ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН****STUDENT LESSONS LEARNING EXPERIENCE****Arailym Nurgabylova SARBASOVA**Master of Linguistics, Lecturer, KIMEP University, Republic of Kazakhstan, Almaty [arailym@kimep.kz](mailto:arailym@kimep.kz)

\*\*\*\*\*

**АННОТАЦИЯ****Түйіндеме**

Жоғарғы оқу орындарында оқытылатын қазақ тілі пәнінің мақсаты- студенттерге қазақ тілін меңгерту, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білуге үйрету, ойлау, тыңдау қабілеттерін арттырып, пікірін білдіре алуға бағытталады. Осы үдерістерді жүзеге асыруда тіл үйренуші студент сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қолдану арқылы білімін жетілдіреді. Лексикалық қорды толықтырып, пікірін айтып, талдауға үйрететуде оқылым әрекетінің орны ерекше. Оқылым әрекеті студенттің тілдік біліктілігін қалыптастыратын негізгі бағыт екенін ескере келе, грамматикалық құрылымдар мен лексикалық ерекшеліктерді меңгерте отырып, жаттығуларды орындату тәжірибеде айтарлықтай нәтиже беретіні белгілі. Олай болса оқылымның негізі – мәтін, ал мәтінді меңгеру үш кезең арқылы жүзеге асатыны мәлім. Бірінші кезеңдегі мәтін алды тапсырмалардың мақсаты – лексикалық тапсырмалар. Ол тапсырмаларды екі түрге бөлуге болады: мәтіндегі ойға алып келетін сөйлесім тапсырмалары және мәтінде кездесетін сөздік тапсырмалар. Бұл тапсырмаларды орындау барысында студент кіріспе жасап, мәтіннің мазмұнын алдын ала болжамдап түсіне алады.

Мәтінмен жұмыс кезеңінде ақпаратпен жұмыс түрлері талданады. Мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды тауып, түсінуге бағытталған жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Мұндағы мақсат - мәтіннің мазмұнымен жұмыс, яғни мәтінді оқу барысында кездескен тілдік бірліктерді түрлі айтылымдарда қолдануға мүмкіндік береді.

Мәтіннен кейінгі кезеңде мәтіннің мазмұнында көтерілген мәселелерге пікір білдіру, қолдау, қарсы шығу сияқты студенттің шығармашылығымен байланысты тапсырмалар жүргізіледі. Мақалада өз тәжірибемізден алынған оқылымды үйретуде қолданылатын үш кезеңдік тапсырмалардың түрлері беріліп, мысалдармен талданады

**Ключевые слова:** Студенттерге Мәтінді, Оқыту Тәжірибесінен

**ABSTRACT**

The goal of the “Kazakh language” course in higher education is to teach students to improve their ability to speak and express their opinion in Kazakh language, improve their thinking and listening skills. In carrying out these processes, the language learner improves his knowledge with the help of different forms of interaction. “Reading” plays one of the most important roles in the learning process of a foreign language. It is always aimed at perceiving a ready-made speech message (rather than creating it), receiving information. Considering that reading activity is the main direction in improving student's language proficiency, it is clear that the studying process of grammatical structures and lexical features have a significant impact on the use of language in real-life practice. It is known that the basis of reading is text, and textuality is realized in three stages. The purpose of the first part of the text is to perform lexical tasks. These tasks can be divided into two types: discussion of the text and vocabulary of the text. When performing these tasks, the student can enter and anticipate the content of the text. While working with the text, the type of work with information is analyzed. Text is taught to find and understand the key, additional information. The goal here is to work with the content of the text, that is, the use of language units that occur when reading the text in different versions. During the post-text period, the content of the text raises tasks related to the creativity of the student, such as feedback, support and contradictions. The article presents three types of theoretical tasks that are used in reading our experience and are analyzed by examples.

**Keywords:** Student Lessons, Learning Experience

Жоғарғы оқу орындарында оқылатын қазақ тілі пәнінің мақсаты- студенттерге қазақ тілін меңгерту, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білуге үйрету, ойлау, тыңдау қабілеттерін арттырып, пікірін білдіре алумен қатар олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру болып саналады. Кәсіби бағыттағы ақпаратты мерзімді басылымдардан, арнайы оқулықтардан алынып, студенттің қарым-қатынасқа түсуіне ықпал ететінін ескерсек, оқылым әрекетінің орны ерекше. Оқылым мақсаты, шарты, уәждеме беруі және нәтижесі арқылы сипатталады. Оқылымның мақсаты ақпарат алу болса, ақпарат қарым-қатынасқа уәждеме туғызады. Оқылымның шарты ретінде тілдік жүйелерді меңгеру қажет болса, нәтижесі ретінде ақпаратты түсіну, талдай білу болып табылады. Оқылым әрекетінің маңызын ғалым Ф.Оразбаева былайша жіктеп көрсетеді: 1) Тіл үйренуші оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым-қатынаста керегіне жаратады. 2) Оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, ішкі ой-санасын дамытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады. 3) Оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйренуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды [1]. Оқылым әрекеті теориялық және практикалық тұрғыда зерттеліп, тіл үйретуде табысты қолданылып келсе де әр оқытушының тәжірибесінде түрлі әдістерімен, нәтижесімен ерекшеленеді. Мақалада өз тәжірибемізден алынған оқылым әрекетінің тәжірибесімен бөлісіп, студентке мәтінді оқытуды үш бағытта алып, талдау түрлерін ұсынамыз. Біріншіден, аудиторияда оқылатын шағын мәтіндермен жұмыс істеу түрлері, екіншіден, үйге оқуға арналған көркем әдебиетті оқыту, үшіншіден, аутенттік мәтіндерді пайдаланудың ерекшеліктері.

Аудиторияда оқылатын мәтін студенттің деңгейіне сай болуы шарт. Бірақ аралық орта деңгейден бастап ақпараттық мазмұны, грамматиканың деңгейге сәйкес берілуі бір мәтіннің бойынан табыла бермейді. Сондықтан мәтін алдын ала студенттің қызығушылығы мен қажеттілігіне сай коммуникативті, ақпаратты, тілдік деңгейге сәйкес іріктелуі міндетті. Мәтін таңдауда мынадай ерекшеліктерге көңіл бөлеміз: 1) студенттің деңгейіне сай қандай да бір тілдік тапсырманы орындауға бағытталуы; 2) студенттің танымдық мүмкіндігі мен қызығушылығын ескеретін мазмұндылығы, 3) қарым-қатынас тудыра алатындай ақпараттығы.

Күнделікті сабақ барысындағы мәтіндерді оқытудың мақсаты студенттің түсіну, талдау, қарым-қатынасқа шығу, ақпаратты пайдаланып жазу жұмыстарына үйретіп, тілдік деңгейін кеңейтуге бағытталады. Бұл әрекеттер мәтін алды, мәтіндік, мәтіннен кейінгі жаттығу жұмыстарымен жүзеге асып, меңгеріледі. Бірінші кезеңдегі мәтін алды тапсырмалардың мақсаты – лексикалық тапсырмалар. Тіл үйренушінің мәтін тілімен жұмыс істеуі қиындық тудырмау үшін оқытушы мәтіндегі бұрыннан таныс емес лексикалық және грамматикалық материалдарды қарап, жаңа сөздер мен сөз тіркестерін ауыстырып немесе алып тастап, яғни деңгейге сай бейімдеу қажет. Мәтін алды тапсырмаларды екі түрге бөлуге болады: мәтіндегі ойға алып келетін сөйлесім тапсырмалары және мәтінде кездесетін сөздік тапсырмалар. Бұл тапсырмаларды орындау барысында студент кіріспе жасап, мәтіннің мазмұнын алдын ала болжамдап түсіне алады.

Мәтінмен жұмыс және мәтіннен кейінгі кезеңдерде түсінуге бағытталған тапсырмаларды орындайды. Ғалым С.К.Фоломкина мәтінді түсінуге бағытталған оқылым әрекетінің түрлерін төртке бөліп көрсетеді: танысып оқу, зерделей оқу, шолып оқу, ізденіп оқу[2]. Танысып оқудың мақсаты мәтіндегі негізгі мазмұнды немесе негізгі фактілерді таңдау арқылы жылдам оқып шығу. Оқылымның бұл түріне мәтіннің 70 % -ын түсіну жеткілікті. Ең маңыздысы – мәтін мазмұнын жалпылай білу, яғни мәтіннің негізгі қарым-қатынастық міндетін анықтай білу. Бұл оқылым түрінде мәтіннен негізгі, қосымша ақпараттарды тауып, түсінуге бағытталған жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Мысалы, жалпы мазмұн бойынша сұрақтарға

жауап бер, тұжырымдардан негізгі, қосымша ақпаратты көрсет, шын/жалған ақпаратты тап деген сияқты тапсырмаларды ұсынамыз. Екінші оқылым түрі –шолып оқу. Мәтінді оқудың бұл түрі қандай да бір пайдалы ақпараттың бар/ жоқтығын түсіну, яғни жылдам қажетті ақпаратты тауып оқу. Мысалы студент өзіне қажетті ақпаратты жинау үшін мәтіннің құрылымын, тықырыбын немесе жеке абзацтарды оқып шықса жеткілікті. Шолып оқудың мақсаты- мәтіннен ақпаратты білдіретін нақты кілт сөздерді табу. Мысалы, абзацтарға сәйкес келетін кілт сөздерді көрсет, тұжырымдар қатарынан мәтін мазмұнына сәйкес сөйлемдерді тап т.б. тапсырмаларды беруге болады. Оқылымның үшінші түріне ізденіп оқу жатады және оның мақсаты мәтіннен нақты ақпаратты іздеу. Ол ақпарат жыл, күн, немесе нақты атаулар, ақпараттың суреттелуі немесе аргументтелуі болуы мүмкін. Мысалы, мәтіннен тұжырымдарға сәйкес келетін 3 аргументті табыңыз, кейіпкерді суреттейтін екі оқиғаны табыңыз деген сияқты тапсырмаларды бере аламыз. Мәтінді оқудың төртінші түрі – зерделеп оқу. Зерделеп оқудың мақсаты - мәтінді толық түсініп, ондағы негізгі, қосымша ақпараттарды айыра біліп, мәтінді бағалап, түсіндіріп, сыни тұрғыда пікір білдіре алу. Бұл оқылым түрін орындау барысында студент контекстегі сөздердің мағынасын, сөйлемдердің логикалық жүйесін, абзацтар арасындағы байланысты түсінгенде ғана орындай алатыны белгілі. Мысалы, абзацтарға сәйкес келетін сөйлемдерді көрсет, әр абзацтың негізгі идеясын тап, автордың көзқарасына өз пікіріңді білдір немесе логикалық ретсіз берілген сөйлемдердің мәтін мазмұны бойынша ретін тап деген сияқты шығармашылықпен байланысты тапсырмаларды қолданамыз.

Жоғарыда аталған оқылым түріне бағытталған оқылым тапсырмаларын орындап, мәтінді талдаған студенттің мәтінді толық түсінуіне мүмкіндігі туады. Студенттің қызығушылығын жоғалтып алмау үшін жоғарыдағы тапсырмаларды жұппен, топпен орындау да нәтижелі, мысалы шағын топ алдында өз пікір айту немесе мәтін абзацтарын топқа бөліп, бір-біріне түсіндіре алуы.

Мәтінді оқытудың екінші бағыты – үйде оқу жұмыстары. Түпнұсқа тілінде көркем шығарманы оқу студенттің ауыз екі тілін дамытып, сөздік қорын кеңейтіп, елдің мәдениеті мен әдебиетін түсінуге мүмкіндік береді, сондықтан үйде оқу жұмысы оқу үдерісіндегі міндетті әрекет. Көркем шығарманы оқу барысында студент шартты-оқу мәтінін емес түпнұсқа тілімен танысады; екіншіден, шығармаға, кейіпкерге, ситуацияға өз пікірін білдіре алады. Көркем шығармаларды оқытудың тиімді жолдарын зерттеген әдіскер Қ. Бітібаеваның еңбегі зор. Әдіскер М.Әуезов шығармашылығын оқыту мәселесіне байланысты үш кітап жазып, образдық талдау жүйесін негізге алынған. Көркем шығарманы талдау жүйесі, ең алдымен көркем туындыда жазылған, баяндалған оқиғалардың тарихи негізіне назар аудартады. Мұғалімнің түсіндірме әңгімелерінен кейін, мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнымен танысу, мәтінді бөлшектерге бөліп, ат қою, әр бөліміне жоспар құру, құрылған жоспар бойынша тірек сөздерді қолданып мазмұндату, шығарманың басталуы, шығарма ішіндегі оқиғалардың байланысы, оқиғаның шарықтау шегі, шешімі айқындалады. Әр шығармадағы адам тағдыры жеке кейіпкерлер арқылы пайымдалып, іс-қимылы, мінезі, қылығы, әрекеті айқындала түседі. Кейіпкерді танытатын, айқындап, даралап беретін негізгі элементтер: портрет, іс-қимыл әрекеті, тілдік көрінісі, көркемдік детальдар, суреттеме, кейіпкерлер диалогы, жанама сипаттамалар, кейіпкердің өзара қарым-қатынасы, қақтығысы, күресі т.б. Кейіпкерді талдап, тану барысында оқушы көркем шығармадағы кейіпкердің жүйесін нақтылайды, өзара байланысын, жазушының әр кейіпкерге қандай сипаттама бергенін, портретін, кейіпкерлердің диалогтары арқылы олардың мінезін ерекшелеп айқындап, негізгі тұлғаны анықтайды[3]. Шағын әңгімелерді үйде оқу жұмысын жоғарыда аталған әдіскердің әдістерін пайдалану арқылы студенттерге жеткізуге болады. Көркем шығарманы оқымас бұрын студентке мәтін алды тапсырмаларды берген дұрыс. Бұл тапсырмалар лексикалық тапсырмалармен қатар шығармаға кіріспе ретінде қызығушылық тудыратын тапсырмалар,

мысалы, тірек сөздерді беріп шығарманың мазмұнына болжам жасау, жазу, кейін мазмұнмен салыстыру. Жалпы жоғарғы оқу орнында көркем шығармаларды оқу өздік жұмыс арқылы жүзеге асады. Қазіргі уақытта электронды кітаптар қолжетімді, сондықтан кез келген шығарманы табуға мүмкіндік бар. Мысалы, [ikitar.kz](http://ikitar.kz) сайтынан біздің студенттер оқытушы ұсынған көркем шығарманы оқып, талдау жұмыстарын түрлі тапсырмаларды орындау арқылы пайдаланып келеді. Мысалы, өзіне ұнаған бір эпизодты қысқаша баяндау, тезис жазу, негізгі кейіпкерлерді жинақтау, аудитроия алдында шығрамадан алған әсерін баяндау немесе кейіпкердің мінезін ашатын аргументтерге дәлелдер келтіріп, сипаттамалық жазылым жұмысын жүргізу, шығрамадың эпизодтарына сәйкес тезистерді табу т.б тапсырмаларды пайдалану нәтиже беріп келеді.

Үшінші оқылым әрекетінің бағыты - аутенттік мәтіндер. Аутенттік мәтін дегеніміз (грек сөзі – *authentikos*- алғашқы, түпнұсқа) кәсіби салада мамандық бойынша тіл иеленуші жазған мәтіндер. Өзге тілді аудиторияда Сөйлеу, жазу тілі толық қалыптаспаған студентке аутенттік мәтінді оқыту үшін алдын ала дайындық қажет. Берілген аутенттік мәтіндер студенттердің тілдік даярлығына қарай іріктеліп алынып, олардың кәсіби дағды қалыптастыруға жұмыс жасауы керек. Студенттің кәсіптік тілдік дағдысын жетілдіру үшін аутенттік мәтіндерді деңгейге сай іріктеу, бейімдеу жұмыстары белгілі бір ұстанымдарға негізделеді. Кәсіби қазақ тіліндегі аутенттік мәтінді іріктеу барысында бірнеше қағидаларға сүйенеміз: біріншіден, мәтін кәсіби бағдарлы соңғы ақпараттармен қамтылуы тиіс; екіншіден, студенттің қызығушылығын ескере отырып, коммуникативтік қажеттілік тудыра білуі қажет. Сонымен, мәтін таңдауда студенттердің коммуникативтік қажеттіліктерімен қатар мәтіннің көлемі мен деңгейі студенттің сөйлеу деңгейіне сай берілуін ескерген жөн және сол аутенттік мәтін арқылы берілген лексика кәсіби жағдаяттарда пайдалануы тиіс. «Методическая аутентичность допускает методическую обработку подлинно аутентичного текста в целях достижения его доступности для обучаемых» деген пікірді алға тартқан ғалымдар Носонович Е.В., Мильруд Р.П. [4]. Аутенттік мәтіндер көбінесе кәсіби саламен байланысты беріледі, сондықтан әр саланың терминдері мен ұғымдарын түсіну студентке қиындық туғызатындықтан жоғарыдағы ғалымдардың пікірін қолдай келе, біз де мәтінді бейімдеуді жөн көреміз. Аутенттік мәтін лексикалық, грамматикалық бейімделгенде ғана студентке қолжетімді болады. Мәтінді бейімдеу – кәсіби салада кездесетін қиын ақпаратты түсіну үшін өзгертілген мәтін. Мәтінді бейімдеу деп ғылыми, кәсіби салада жазылған аутенттік мәтіндердің оқырманға арналған мәтіннің екінші нұсқасын айтамыз. Аутенттік мәтіндерді бейімдеуді құрылымдық, мағыналық және коммуникациялық тұрғыдан бөліп қарастыруға болады. Мәтінді бейімдеудің құрылымдық түріне сандық және сапалық бейімдеуді жатқызуға болады. Сандық бейімдеу- мәтіннің негізгі идеясы түсінікті болу үшін қосымша сөйлемдерді алып тастау, қысқарту. Сапалық бейімдеу – мәтіннің лексикалық, синтаксистік және грамматикалық деңгейде қайта құрылуы. Мағыналық бейімдеу түрінің өзін бірнешеге бөлуге болады. Лингвистикалық бейімдеу – мәтіндегі лексикалық бірліктердің ауысуы және грамматикалық трансформациялануы. Бейлингвистикалық бейімдеу – мәтін мазмұнының жеңілдетіліп, қысқартылуы. Прагматикалық бейімдеу – түпнұсқа мәтіннің прагматикалық тиімділігін сақтау. Мәдени бейімдеу – лингвомәдени ақпаратты оқырманға түсіндіру. Коммуникативтік бейімдеу түріне мына тәсілдерді жатқызуға болады: Субъектті бейімдеу – егер автор түпнұсқа мәтініндегі ақпараттан білімі болса, дұрыс түсінсе оқырманға жеңілдетіп бере алады. Ал сол саланы толық түсінбесе өз пікірін ұсынып, интерпретация жасайды. Инструменталды бейімдеу – кәсіби мәтінді бейімдеуші түпнұсқа мәтінді саласындағы маманның көмегіне жүгінеді. Адресаттық бейімдеу – жеке, топтық адресатқа бағытталады. Түпнұсқа мәтінді көпшілікке бағытталып бейімделеді немесе белгілі тілдік деңгейіне қарай бейімделеді [5]. Жоғарыда көрсетілген бейімдеуден өткен мәтінді оқу материалы ретінде ұсынып, мәтіннің үш кезеңдік тапсырмаларын орындату кәсіби қазақ тілінің негізгі әрекеті

болып табылады. Аутенттік мәтін мәтіналды оқу кезеңінде терминдерді түсіну, сөйлемдерде пайдалану, дефинициялар беру тапсырмаларымен жүзеге асып, мәтінді түсінуге дайындық жұмыстары жүргізіледі. Мәтіндік, мәтіннен кейінгі кезеңдерде оқылымның төрт түрін пайдаланып мәтінді талдаймыз, мысалы кәсіби мәтін кәсіби сұхбатқа қызмет етуі үшін мәтін мазмұны бойынша сұхбат құру, диаргаммаларды пайдаланып, сөйлеу әрекеттерінің іскери түріне байланысты тапсырмалар беру. Кәсіби мәтінді түсініп, талдап, ондағы ақпарат пен лексиканы пайдаланып қарым-қатынасқа шығу кәсіби қазақ тілінде басым орын алатын оқу үдерісі.

Оқылым қай бағытта да өзінің ерекшелігімен, қызметімен, мақсатымен маңызды. Тек оқылымды студенттің түсінуіне ұтымды пайдалану оқытушының шеберлігіне байланысты. Әр оқытушы мәтінді меңгеруде оқылымның мынандай әрекеттерін оқу үдерісінде қолдануы тиіс деп түсінеміз: студенттерге мәтіндік материалды оқыту барысында интерактивті тапсырма түрлерін ұсыну; өзбетінше мәтінмен жұмыс істеу түрлеріне үйрету, сонымен қатар тілдік материалды меңгеруге бағытталған ойлау қабілетін дамыту; студентті өзге тілді материалды қарқынды, табысты үйренуге ықпалын тигізетін оқу тәсілдерін өзбетінше іздеуге ынталандыру.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер — Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2009 жыл, 360 - б.
2. Фоломкина С. К. Обучение чтению на иностранном языке в неязыковом вузе. М.: Высшая школа, 2005 -255 с.
3. Бітібаева. Қ. Әдебиетті оқытудың тиімді жолдары, А., «Жазушы», 1990.
4. Мильруд Р.П., Носонович Е.В. Критерии содержательной аутентичности учебного текста // ИЯШ. 1999. № 2. С. 8–12.
5. Первухина С.В. Виды адаптации текста /Вестник ЮУрГУ. Серия «Лингвистика», 2014 – С. 98, № 1.